

**Н.О. Асылбекова<sup>1</sup>** , **Қ.Б. Баудиярова<sup>2\*</sup>** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан  
\*e-mail: bkb79@mail.ru

## **ШЕТЕЛ МУЗЕЙЛЕРІНДЕГІ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЙТАРУ МӘСЕЛЕСІ: ТАРИХИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ДИСКУРСТЫҚ ЗЕРТТЕУ**

Мақалада империялық кезеңде қалыптасқан тарихи-мәдени құндылықтардың қазіргі ғылыми дискурстағы орны мен олардың қайтарылу мәселесінің тарихнамалық дамуы қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – репатриацияға қатысты теориялық ұстанымдар мен практикалық тәжірибелердің дамуын, халықаралық құқықтық құжаттар мен музейлік саясаттың рөлін және мәдени мұраға қолжетімділікті қамтамасыз етудің заманауи тәсілдерін **Қазақстан музей ісі контекстінде** талдау. Зерттеу әдістемесі тарихнамалық талдау, контент-талдау, салыстырмалы-тарихи және жүйелік-құрылымдық тәсілдерді үйлестіре қолдануға негізделді. Теориялық база ретінде жаңа музеология, постколониялық сын және provenance-зерттеу тұжырымдамалары пайдаланылды. Империялық кезеңде қалыптасқан тарихи-мәдени құндылықтарды талдау барысында оларды жинақтау арналары, экспозициялық репрезентациясы мен ғылыми түсіндірмесіндегі өзгерістер мен даму үрдістері өзара байланыста қарастырылды. Репатриация мәселесін зерделеуде постколониялық теория, мұраның зерттелуі, музейтанулық және құқықтық талдау тәсілдері өзара ықпалдастырылды. Ғылыми жаңалығы – мәдени мұраға қолжетімділік ұғымын тек репатриация шеңберінде ғана емес, сонымен қатар мәдени, этикалық және символдық мәнге ие халықаралық әріптестік форматтарында кешенді түрде қарастыруда. Мақалада әлем музейлеріндегі тәжірибелер Қазақстан музей ісі контекстінде салыстырмалы талданып, мәдени мұраға қолжетімділікті арттырудың қолданбалы бағыттары айқындалды. ЮНЕСКО-ның 1970 жылғы Конвенциясы мен 1995 жылғы UNIDROIT Конвенциясының рөлі, постколониялық сын, «әмбебап музей» концепциясының трансформациясы және заманауи музейлердің provenance-зерттеулер жүргізу тәжірибесі қарастырылды. Сонымен қатар, кеңестік және отандық ғалымдардың еңбектері негізінде музейтанудың теориялық-методологиялық дамуы талданды. Зерттеу нәтижелері әлем музейлерінде серіктестікке негізделген жаңа тәжірибелердің (бірлескен көрмелер, уақытша беру, цифрлық репатриация және көпдауысты кураторлық жобалар) қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Бұл бағыттар шетел музейлерінде сақталған қазақ этнографиялық мұрасын ғылыми айналымға енгізу мен оған қолжетімділікті арттыру тұрғысынан Қазақстан музей ісі үшін қолданбалы маңызға ие.

**Түйін сөздер:** тарихи-мәдени құндылықтар, репатриация, тарихнама, музейлік трансформация, халықаралық ынтымақтастық.

**N.O. Asylbekova<sup>1</sup>, K.B. Baudiyarova<sup>2\*</sup>**

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan  
\*e-mail: bkb79@mail.ru

### **The repatriation of cultural assets from foreign museum collections: a historical-theoretical and discursive analysis**

The article examines the place of historical and cultural objects formed during the imperial period in contemporary scholarly discourse, as well as the historiographical development of restitution debates. The aim of the study is to analyze the evolution of theoretical approaches and practical models of repatriation, the role of international legal instruments and museum policies, and contemporary strategies for ensuring access to cultural heritage within the context of Kazakhstan's museum practice. The research methodology is based on an integrated application of historiographical analysis, content analysis, comparative-historical and systemic-structural approaches. The theoretical framework draws on concepts of new museology, postcolonial critique, and provenance research. The analysis addresses acquisition pathways of imperial-era collections, transformations in exhibition representation, and shifts in scholarly interpretation. The study integrates postcolonial theory, heritage studies, museological and legal perspectives in examining repatriation processes. The scientific novelty lies in a comprehensive understanding of access to cultural heritage not only through restitution but also through international collaborative formats with cultural, ethical, and symbolic significance. The article comparatively examines global museum practices in relation to Kazakhstan's museum sector and identifies applied directions for

expanding access to cultural heritage. Particular attention is given to the UNESCO 1970 Convention and the 1995 UNIDROIT Convention, postcolonial critique, the transformation of the “universal museum” concept, and contemporary provenance research practices. The findings demonstrate the emergence of partnership-based models between museums and countries of origin, including joint exhibitions, long-term loans, digital repatriation, and multivocal curatorial projects. These approaches have practical relevance for Kazakhstan’s museum sector in integrating Kazakh ethnographic heritage held abroad into scholarly circulation and improving access to it.

**Keywords:** historical and cultural values, repatriation, historiography, museum transformation, international cooperation.

Н.О. Асылбекова<sup>1</sup>, К.Б. Баудиярова<sup>2\*</sup>

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан  
\*e-mail: bkb79@mail.ru

### Проблема репатриации культурных ценностей, находящихся в зарубежных музеях: историко-теоретический и дискурсивный анализ

В статье рассматривается место историко-культурных ценностей, сформировавшихся в имперский период, в современном научном дискурсе, а также историографическое развитие проблемы их возвращения. Цель исследования – проанализировать эволюцию теоретических подходов и практических моделей репатриации, роль международных правовых документов и музейной политики, а также современные способы обеспечения доступа к культурному наследию в контексте музейного дела Казахстана. Методология исследования основана на комплексном применении историографического анализа, контент-анализа, сравнительно-исторического и системно-структурного подходов. Теоретической базой послужили концепции новой музеологии, постколониальной критики и provenance-исследований. В ходе анализа историко-культурных ценностей, сформированных в имперский период, были рассмотрены каналы их поступления в музейные коллекции, трансформация экспозиционной репрезентации и изменения научных интерпретаций. В изучении репатриации интегрированы постколониальная теория, исследования наследия, музеологические и правовые подходы. Научная новизна заключается в комплексном рассмотрении доступа к культурному наследию не только в рамках репатриации, но и через форматы международного сотрудничества, обладающие культурным, этическим и символическим значением. В статье сравнительно проанализирован опыт мировых музеев в контексте музейного дела Казахстана и определены прикладные направления расширения доступа к культурному наследию. Рассматривается роль Конвенции ЮНЕСКО 1970 года и Конвенции UNIDROIT 1995 года, постколониальная критика, трансформация концепции «универсального музея» и практика проведения provenance-исследований в современных музеях. Результаты исследования показывают формирование партнерских моделей взаимодействия между музеями и странами происхождения артефактов, включая совместные выставки, временное предоставление экспонатов, цифровую репатриацию и многоголосые кураторские проекты. Данные подходы имеют прикладное значение для музейного дела Казахстана в части включения казахского этнографического наследия, хранящегося в зарубежных музеях, в научный оборот и расширения доступа к нему.

**Ключевые слова:** историко-культурные ценности, репатриация, историография, трансформация музеев, международное сотрудничество.

### Кіріспе

XXI ғасырда мәдени мұраны сақтау және оны тарихи әділеттілік пен өзара түсіністік тұрғысынан қайта қарау мәселесі жаһандық деңгейде күн тәртібінде тұр. Империялық кезеңдерде, саяси үстемдік жағдайында жиналған тарихи-мәдени құндылықтардың қазіргі ғылыми дискурстағы орны мен қолжетімді болуын қамтамасыз ету жолдары халықаралық деңгейдегі өзекті тақырыпқа айналды. Мәдени жәдігерлер – көркемдік немесе археологиялық құндылық қана емес, халықтың тарихи жады мен мәдени бірегейлігінің символдық белгісі.

Империялық дәуірде орын алған әскери жорықтар, ғылыми экспедициялар мен дипломатиялық сыйлықтар нәтижесінде әлем елдерінің жәдігерлері шетел музейлеріне жеткізілді. Бүгінде олар Лондондағы Британ музейі, Париждегі Ке Бранли музейі, Берлиндегі Этнографиялық музей секілді әлемдік деңгейдегі мекемелердің тұрақты экспозицияларының құрамында тұр. Бұл құндылықтардың түпкі иелері мәдени жадты қалпына келтіру, ғылыми деректерді толықтыру және тарихи әділеттілікті орнату мақсатында түрлі ұсыныстар мен бастамалар көтеруде. Алайда мәселені шешу жолдары әртүрлі. Бірқатар мемлекеттер түпкілікті қайтаруды та-

лап етсе, басқалары екіжақты көзқарасты ұстанады, уақытша көрмелер және цифрлық мұра жобалары арқылы ынтымақтастықты дамытуды жөн көреді. Халықаралық тәжірибе мәдени мұраға қолжетімділікті қамтамасыз етудің әртүрлі үлгілерін ұсынады. ЮНЕСКО-ның 1970 жылғы «Мәдени құндылықтарды заңсыз әкелуге, әкетуге және меншік құқығын беруге тыйым салу мен алдын алу шаралары туралы конвенциясы» мен 1995 жылғы UNIDROIT конвенциясы құқықтық негізді айқындаса да, олардың ретроактивті күші болмағандықтан, тарихи кезеңде алынған артефактілерге тікелей қолдану шектеулі. Қазақстанда мәдени мұраны сақтау мен басқару мәселелері тәуелсіздік кезеңінен бастап мемлекеттік бағдарламалар аясында қалыптасып, ғылыми тұрғыдан да тарихнамалық талдауға түсе бастады (Suraganova, 2017).

Мақала отандық музеологиядағы теориялық-әдіснамалық талқылауларды тірек етеді. Қазақстан музейлері тарихының теориялық-методологиялық қырларын жаңа әдіснамалық ракурстан қайта ой елегінен өткізуді талап ететіні назарға алынады. Осы себепті мақалада көпвекторлы тәсіл ұстанылып, формациялық, өркениеттік, технологиялық және синергетикалық парадигмалар өзара сабақтастырыла қолданылады.

Зерттеу барысында музейтанудың теориялық-методологиялық дамуына үлес қосқан ғалымдардың еңбектері де ескерілді. Атап айтқанда, И. Неуступный, И. Бенеш, В. Глузинский, В. Грицкевич және П. ван Менш еңбектері қазіргі музейтану ғылымының қалыптасуына ықпал етіп, осы мақаланың әдіснамалық негізін құрады. Империялық музейлер феномені «әмбебап музей» дискурсы мен репатриация этикасы арасындағы кернеу ретінде қарастырылады. Теориялық негіз ретінде жаңа музеология, постколониялық сын және provenance-зерттеу ұстанымдарына сүйеніп, репатриацияны тек меншік дауы емес, мәдени қатынастарды қайта құру тетігі ретінде ұсынуға ұмтыламыз. Осы үдерістер Қазақстан музей ісі үшін де өзекті. Отандық музейлер мәдени мұраны сақтау мен танытудың дәстүрлі үлгілерінен біртіндеп халықаралық тәжірибелерге негізделген ашық әрі серіктестікке бағытталған форматтарға көшу қажеттілігімен бетпе-бет келіп отыр. Бұл тұрғыда әлем музейлеріндегі репатриация тәжірибелерін талдау және оларды қазақстандық контекстке бейімдеу мәдени мұраға қолжетімділікті арттырудың қолданбалы тетіктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – әлем музейлеріндегі мәдени құндылықтарды қайтару тәжірибелерін негізге ала отырып, тарихи мұраның қазіргі ғылыми кеңістіктегі орнын және оған қолжетімділікті арттыру жолдарын анықтау, сонымен қатар бұл үрдістерді Қазақстан музей ісі аясында қолданудың тиімді бағыттарын көрсету. Әлем музейлеріндегі мәдени мұраны қайтару тәжірибелерін талдау арқылы Қазақстан музей ісі үшін репатриация мен мәдени мұраға қолжетімділікті арттырудың қолданбалы бағыттарын айқындау. Зерттеу нәтижелері мәдени мұраға қатысты жаһандық пікірталастардың жаңа парадигмасын түсінуге және отандық музей ісінде оны тиімді бейімдеуге үлес қосады. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – мәдени мұраны қайтару мәселесін тек репатриация актісі ретінде емес, provenance-зерттеу, көпдауысты кураторлық және халықаралық музейлік серіктестік арқылы іске асатын кешенді процесс ретінде қарастыруында. Мақалада әлем музейлеріндегі репатриация тәжірибелері Қазақстан музей ісімен салыстырылып, отандық контекстке бейімделген практикалық ұсыныстар ұсынылады.

### Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында кеңестік және отандық ғалымдардың теориялық-методологиялық еңбектері пайдаланылды. XX ғасырдың 1950–1960 жылдарында И. Неуступный музей ісін ұйымдастыру мәселелерін, И. Бенеш экспозиция әдістемесі мен музей педагогикасын, ал В. Глузинский музейдің мәдени-ағартушылық қызметін зерттеу арқылы музейтанудың теориялық негізін қалыптастырды. Кеңестік кезеңдегі еңбектер музейді көбіне идеологиялық құрал ретінде қарастырғанымен, ғылыми-теориялық негіз қалыптастыруға зор үлес қосты. В.П. Грицкевичтің «История музейного дела до конца XVIII в.» (2004) және «История музейного дела конца XVIII – начала XX вв.» (2007) еңбектерінде орыс және еуропалық музей тәжірибесінің қалыптасуы жан-жақты талданған. Ал П. ван Менштің «К методологии музеологии» (2018) еңбегі «жаңа музеологияның» әдіснамалық мәселелерін қарастырып, заманауи музейлік тәжірибелерді түсіндіруде маңызды рөл атқарады. Бұл зерттеулердің барлығы Қазақстандағы музей ісін талдау мен отандық тәжірибеге бейімдеу үшін теориялық негіз болып табылады. Қазақстандық ғылыми бағытты айқындау мақсатында

3. Сураганованың Қазақстан Республикасында мәдени мұра тұжырымдамасының қалыптасуына арналған тарихнамалық зерттеуі қолданылды. Аталған еңбек тәуелсіздік кезеңіндегі мәдени мұраны басқару тәжірибесінің эволюциясын талдауға мүмкіндік беріп, халықаралық репатриация дискурсын отандық музей ісі аясында пайымдаудың теориялық негізін толықтырды (Suraganova, 2017).

Зерттеу дәлелге негізделген, құбылысты өз тарихи контекстінде және біртұтас жүйе ретінде қарастырады. Елдер мен музейлер тәжірибесі салыстырылып, карама-қайшы көзқарастар талданып, жалпы ғылыми талдау тәсілдері қолданылды (анализ, синтез, индукция, дедукция). Сонымен қатар мақалада шетелдік ғылыми еңбектер, монографиялар, мақалалар мен ресми баяндамалар пайдаланылды. Атап айтқанда, зерттеу негізінде Sarr & Savoy (2018), Hicks (2020), Bennett (1995), Mbembe (2015), Simpson (2001), Peers & Brown (2003), Cuno (2008), Harrison (2013), Sandahl (2019), Чебаненко, С.Б. (2020) еңбектері мен ЮНЕСКО-ның 1970 жылғы конвенциясы және 1995 жылғы UNIDROIT конвенциясы халықаралық құқықтық құжаттар қарастырылды. Бұл материалдар әлем музейлеріндегі тарихи-мәдени мұраны қайтару мәселесі жөніндегі ғылыми дискурстың даму барысын жан-жақты саралауға мүмкіндік берді.

Зерттеуде бірнеше сапалық әдістер кешенді түрде қолданылды: Тарихнамалық талдау әдісі – мәдени мұраны қайтару туралы ғылыми пікірлердің қалыптасу үдерісін уақыттық тұрғыдан зерттеуге бағытталды. Контент-талдау әдісі – репатриацияға қатысты еңбектердің мазмұнын жүйелі саралап, негізгі ұғымдар мен теориялық тәсілдерді анықтауға мүмкіндік берді. Салыстырмалы-тарихи әдіс – әртүрлі елдер мен кезеңдердегі мәдени құндылықтарды қайтару тәжірибелерін салыстырып, ортақ заңдылықтар мен ерекшеліктерді ашуға бағытталды. Жүйелік-құрылымдық талдау әдісі – әлем музейлеріндегі мәдени мұраны басқарудағы орны мен рөлін кешенді тұрғыдан қарастыруға негізделді. Библиографиялық талдау әдісі – зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерді жинақтап, жүйелеу арқылы ғылыми негізді кеңейтуге мүмкіндік берді. Осы әдістердің үйлесімді қолданылуы тарихи-мәдени мұраға қатысты қазіргі ғылыми дискурстың даму бағыттарын жан-жақты саралауға және Қазақстан музей ісіне бейімдеудің қолданбалы бағыттарын айқындауға мүмкіндік

береді. Ресей этнографиялық музейіндегі қазақ дәстүрлі киім үлгілерін атрибуциялау барысында визуалды сипаттама, материалдық құрылым және салыстырмалы типологиялық талдау әдістері қолданылған (Kunanbayeva et al., 2016).

### Мақаланың зерттелу деңгейі

Империялық кезеңде жиналған тарихи-мәдени мұраның қазіргі ғылыми дискурста қарастырылуы ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап айқын бағыт алды. Бұл бағыттың эволюциясы бірнеше кезеңмен сипатталады. Бірінші кезең – *әмбебап музей тұжырымдамасының* үстемдік еткен уақыты (ХХ ғасырдың басы – 1970 жылдарға дейін). Бұл кезеңде Джеймс Куно (Cuno, 2008) сияқты зерттеушілер мәдени мұраны бүкіл адамзаттың ортақ игілігі ретінде қарастырып, артефактілерді сақтаудың басты орталығы ретінде ірі батыс музейлерінің рөлін қорғады. Оның пікірінше, мұра белгілі бір мемлекеттің шекарасымен шектелмеуі тиіс және әмбебап музейлер оны кең аудиторияға жеткізудің тиімді тәсілі болып қала береді. Екінші кезең – *постколониалдық сынның қалыптасуы*, 1970 жылдан кейінгі кезең. ЮНЕСКО-ның 1970 жылғы Конвенциясы және кейінгі UNIDROIT-тің 1995 жылғы Конвенциясы мәдени мұраның заңсыз айналымына қарсы халықаралық құқықтық базаны қалыптастырды. Осы тұста репатриация мәселесі тек этикалық емес, құқықтық категория ретінде қарастырыла бастады. Бұл уақытта Тони Беннет (Bennett, 1995) музейлердің отарлық билікті нығайтудағы саяси және идеологиялық рөлін ашып көрсетті. Ол музейлерді тек мәдени сақтау орны ғана емес, әлеуметтік бақылау мен билік құралы ретінде сипаттады. Музей экспозицияларының құрылымы мен мазмұны отаршылдық идеологияны күшейтетінін дәлелдеді.

Үшінші кезең – *деколонизация дискурсының күшеюі* (1990–2010 жылдар). Ахилле Мбембе (Mbembe, 2015) мәдени мұра мен архивтерде батыстық үстемдік пен иерархиялық білім құрылымдарынан арылту қажеттігін атап өтті. Ол репатриацияны білім өндіру тәсілдерін түбегейлі өзгерту процесі ретінде қарастырды. Лаура Пирс пен Алисон Браун (Peers & Brown, 2003) музейлер мен бастапқы қауымдастықтар арасындағы серіктестікті мәдени мұраға әділетті қатынастың негізгі тетігі ретінде көрсетті.

Төртінші кезең – *репатриацияның жаңа этикасы және практикалық тәжірибесі* (2010 жылдан бері). Фелвин Сарр мен Бенедикт Савой



(Sarr & Savoy, 2018) репатриацияның этикалық негіздерін жасап, Африка мәдени мұрасының 90%-дан астамы шетелде сақталатынын атап өтті. Олардың баяндамасы Франция мен бірқатар еуропалық елдерде нақты қайтару шараларының басталуына түрткі болды. Дэн Хикс (Hicks, 2020) Бенин қола мүсіндерінің тарихын зерттей отырып, оларды қайтару қажеттілігін тарихи дәлелдермен негіздеді.

Жалпы алғанда, тарихнамада екі негізгі бағыт қалыптасқан. Біріншісі, әмбебап музейлерді қолдайтындар (Куно және ізбасарлары) мәдени мұраны жаһандық игілік ретінде сақтауды жақтады. Екіншісі, репатриацияны жақтаушылар (Беннет, Мбембе, Сarr & Савой, Хикс және т.б.) тарихи әділеттілікті қалпына келтіру үшін мұраны түпкі иелеріне қайтаруды талап етті. Осы кезеңде ерекше назар аударатын еңбектің бірі – Дэн Хикстің *The British Museums* (2020) кітабы. Ол музейлерді колониялық зорлық-зомбылықтың куәгері әрі құрал ретінде сипаттап, «некрография» әдісі арқылы артефактілердің шығу тегін криминалистикалық зерттеуге шақырды. Хикс музейлердегі репатриацияны тарихи әділеттілікті қалпына келтіру құралы ретінде бағалап, экспозициялардағы үнсіздікті – колониялық үстемдікті сақтаудың тәсілі деп таниды. Оның «Zero World War» (нөлінші дүниежүзілік соғыс) ұғымы – империялардың Африка халықтарына жүргізген мәдени-жоюшылық соғыс. Осы зерттеулердің барлығы репатриация тарихнамасының теориялық және әдіснамалық негізін құрайды. Ал қазіргі кезеңде бұл мәселе пәнаралық тұрғыда – мәдениеттану, тарих, халықаралық құқық және музей ісі тоғысында қарастырылуда.

### Нәтижелер мен талдау

1897 жылы ағылшын әскері Бенин қаласын жаулау арқылы патшалық сарайдағы ғасырлар бойы жинақталған қола мүсіндері мен өнер туындыларын Еуропаға тасыды. Қазіргі таңда тоналған қазыналар Британ музейі мен басқа да еуропалық музейлердің көрме залдарында миллиондаған келушілердің назарына ұсынылып отыр. Бұл құнды мұра туындыларының әрқайсысы «өзінің Отанына қайтуы керек пе?» әлде «адамзаттың ортақ мұрасы» ретінде Еуропа музейлерінде қалуы керек пе? деген сұрақ туындайды. Мұндай сұрақ империялық экспансия кезінде жиналған өзге де тарихи-мәдени жинақтарға қатысты. Францияның Лувр музейіндегі ежелгі Египет артефактілері, Германияның му-

зейлеріндегі Шығыс Африка жәдігерлері де осы қатарға жатады. Қазіргі уақытта музей мамандары мен зерттеушілері аталған құндылықтардың жағдайы жөнінде – белсенді ғылыми пікірталас жүргізуде. Ғылыми дискурстар – тарихи әділеттілік, ұлттық бірегейлік және тарихи жады мәселелерімен тығыз байланысты. Империялық музейлердегі тарихи-мәдени коллекцияларды зерттеу тек академиялық тұрғыдан ғана емес, сондай-ақ жаһандық деңгейде тарихи әділеттілікті қалпына келтіру әрекетінің бір бөлігі ретінде де маңызды.

Мақалада музейлердің империялық кезеңде жинақталған тарихи-мәдени құндылықтарға деген көзқарастарының қалай өзгергені және қазіргі ғалымдардың осы мәселе туралы қалай жазатыны талданады. Мақаланың негізгі – бұл жәдігерлерді бұрынғы империялық музейлерде сақтағаннан гөрі, шыққан елдеріне қайтаруды қолдайтын ұстанымның басымдығы.

Соңғы жылдары ғылыми ортада империялық дәуірде жиналған тарихи-мәдени жинақтарды сақтау, зерттеу және меншік құқығын анықтау мәселесі жаһандық ғылыми қауымдастықтың ең өзекті тақырыптарының біріне айналды. Еуропалық империялар құлағаннан кейін, сол кезеңде жинақталған коллекцияларды сақтап отырған музейлер мен бұрынғы тәуелді елдер арасында күрделі қарым-қатынастар қалыптасты. Бұл мақалада қазіргі ғалымдардың империялық дәуірде алынған ұлттық жәдігерлерді қайтару жөніндегі ғылыми көзқарастарының эволюциясы зерттеледі.

Империялық музейлердегі жинақталған тарихи-мәдени мұраға қатысты пікірталастар қазіргі заманда мәдени әділеттілік, ұлттық бірегейлік және тарихи жады мәселелерінің өзегіне айналды. Бенин қазынасы, Эльгин мәрмөрлері, Луврдағы египеттік артефактілер – бұлардың барлығы жаулап алу кезінде алынған (Hicks, 2020). Бүгінгі таңда ғалымдардың көпшілігі мәдени құндылықтарды бұрынғы империялық музейлерде сақтауға қарағанда, оларды шыққан елдеріне қайтаруды қолдайтындығы байқалады. Бұл көзқарас әртүрлі тарихи, саяси және этикалық факторлардың ықпалымен қалыптасты.

Мақалада тарихи мұра мен оны сақтау мәселесіне қатысты ғылыми көзқарастардың даму эволюциясы талдана отырып, империялық музейлердегі мәдени құндылықтарды қайтару дискурсының қазіргі жағдайы мен болашақтағы даму бағыттары қарастырылады. Соңғы уақытта империялық жинақтардың сақталуы, ғылыми

тұрғыдан зерттелуі – жаһандық мәдениеттану саласындағы өзекті бағыттардың бірі болып отыр. Еуропалық империялар құлағаннан кейін, олардың мұрагерлері саналатын музейлер мен бұрынғы отар елдер арасында күрделі қатынастар қалыптасты. Империялық кезеңде жиналған тарихи-мәдени құндылықтарды қайтару мәселесі бүгінгі таңда халықаралық саясат, құқық және этика салаларының тоғысындағы көпқырлы феномен болып отыр.

XX ғасырдың басында мәдени мұраны қайтару туралы пікірталастар өте шектеулі сипатта болды. Бұл кезеңде «әмбебап музей» тұжырымдамасына негізделген көзқарастар басым болып, артефактілердің орналасқан жеріне емес, олардың сақталу жағдайына назар аударылды. 1970 жылы ЮНЕСКО-ның мәдени құндылықтарды заңсыз әкетуге және иеленуге тыйым салу жөніндегі конвенциясы қабылданғаннан кейін, бұл мәселе халықаралық деңгейде талқыланды. Тәуелсіздікке қол жеткізген мемлекеттердің көбеюі, постколониялық теориялардың дамуы, тарихи әділеттілік пен моральдық жауапкершілік туралы ұстанымдар репатриацияны жаңа гуманистік көзқарастармен қарастыруға мүмкіндік берді. Музейлер өздерінің коллекцияларындағы артефактілердің шығу тегін зерттеуге бет бұрды. Осы бағытта жүргізіліп жатқан provenance-зерттеулер – артефактінің шыққан ортасын, тарихи жағдайын және иелену тәсілін анықтауға арналған кешенді ғылыми жобалар – музейлердің ашықтығын арттырып, тарихи әділеттілікке ұмтылысын көрсетеді. Мұндай зерттеулер әсіресе Британ музейі, Лувр, Берлин этнология музейі сияқты әлемдік деңгейдегі ірі мекемелерде қарқынды түрде қолға алынуда. Ресей этнографиялық музейі қорындағы қазақ этнографиялық коллекциялары негізінен XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы ғылыми экспедициялар, әкімшілік жинақтау және жеке коллекционерлер арқылы қалыптасқан (Әлімбаев, 2015).

Репатриация тек теориялық тұжырымдамамен шектелмей, нақты практикалық қадамдармен де көрініс табуда. Франция, Германия, Нидерланды сияқты елдер соңғы жылдары тарихи жәдігерлерді олардың түпкі иелеріне қайтару жөнінде нақты шешімдер қабылдап отыр. Мәселен Франция 2020 жылы Бенинге 26 өнер туындысын, Сенегалға тарихи-мәдени маңызға ие қылышты қайтарды. Германия Нигерияға Бенин қола мүсіндерінің бір бөлігін табыстауға келісті. Бұл қадамдар халықаралық қауымдастықтың мәдени мұраға деген көзқарасының өзгеріп келе

жатқанын және репатриацияның институционалдық деңгейге көтерілгенін дәлелдейді. Бірақ кейбір музейлер үшін бұл процесс әлі де күрделі және құқықтық шектеулерге тап болып тұр. Осыған байланысты балама немесе аралас шешімдер де қолданылуда. Мысалы артефактілердің ұзақ мерзімді уақытша көрмелерде көрсетілуіне мүмкіндік беру, ортақ кураторлық бастамаларды іске асыру, сондай-ақ цифрлық көшірмелер негізінде виртуалды қайтару жобаларын жүргізу – мұның барлығы музейлер мен мәдени қауымдастықтар арасындағы келіссөздерге серпін беріп, өзара сенімділікті арттыратын заманауи амалдардың бірі. Бұл тәжірибелер артефактілерге түпкі қауымдастықтардың қолжетімділігін арттырып, мәдени өзара әрекеттестіктің үлгісіне айналуда. Бұл зерттеу қазақстандық мамандардың шетел музей қорларымен тікелей жұмыс істеу арқылы қазақ этнографиялық мұрасын ғылыми қайта атрибуциялау мүмкіндігін көрсетеді (Kunanbayeva et al., 2016).

Репатриация процесінде жергілікті қауымдастықтардың, әсіресе байырғы халықтардың белсенді қатысуы ерекше маңызға ие екені байқалуда. Австралия мен Жаңа Зеландиядағы тәжірибе көрсеткендей, мұндай қауымдастықтардың өкілдерін шешім қабылдау процесіне тікелей тарту – мәдени мұраға деген құрметті арттырып қана қоймай, тарихты жазуға да ықпал етеді. Қорыта айтқанда, репатриация қазіргі таңда тек артефактіні қайтару процесі ретінде емес, тарихи әділеттілік пен мәдени теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған жаңа халықаралық гуманитарлық парадигманың құрамдас бөлігіне айналууда.

Кейінгі жылдары ғалымдар арасында империялық музейлерде сақталған коллекцияларға деген көзқарасы айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Бұрын «тәуелділік дәуірінің мұрасы» ұғымы империялардың ұлылығын дәріптеу мен ақтау құралы ретінде қолданылса, қазіргі таңда бұл тұжырымдама айтарлықтай сыни тұрғыдан қаралады. М. Винердің «Идея колониального наследия и историография империи» атты еңбегінде «тәуелділік дәуірінің мұрасы» түсінігі империялық тарихты түсіндіру мен зерттеуде маңызды рөл атқарды (Wiener, 2013). Тәуелсіздік алғаннан кейін зерттеулердің дамуымен бұл көзқарас елеулі өзгерістерге ұшырады.

Музейлердің тарихи тұрғыдан отарлау дәуіріндегі билікке қызмет еткендігі туралы Тони Беннеттің «The Birth of the Museum: History, Theory, Politics» еңбегінде терең талданған. Беннеттің пікірінше, музейлер отарлау дәуіріндегі

басқару мен империялық билікті іске асырудың құралы болған (Bennett, 1995). Музей жаулап алған халықтардың мәдениеті мен тарихын жүйелеуде және оларды батыстық дискурстарға енгізуде маңызды рөл атқарды. Бұл жаулап алушылардың үстемдік позициясын нығайтудың жолы болды. Осы тұрғыда, Дженни Сандаль «Decolonizing Museums: Between the Museum and the Agora» мақаласында музейлер тарихты көрсетудің және түсіндірудің жаңа әдістерін қалай іздестіріп жатқанын нақтылайды (Sandahl, 2019).

Музей ісі саласындағы қазіргі мамандар мен ғалымдар коллекциялардың шығу тарихын, олардың жинақталу жолдарын және тарихпен байланысын ашық көрсетуге ұмтылады. Ахилле Мбембенің «Decolonizing Knowledge and the Question of the Archive» еңбегі архивтер мен музейлердегі білімді тәуелсіздіктен кейінгі үрдістерге сәйкестендіру мәселесін алғашқылардың бірі болып көтерді. Мбембе музей коллекциялары мен архивтік деректерінің империялық басқару жүйесі мен білім құрылымдарымен тығыз байланысты екенін атап өтеді (Mbembe, 2015). Оның пікірінше, музейлер мен архивтерді тәуелсіздіктен кейінгі үрдістерге сәйкестендіру үшін олардың қалыптасу тарихын сыни тұрғыдан талдау және білім мен құндылықтардың батыстық емес тәсілдерін мойындау қажет.

Ғалымдар империялық кезеңде алынған мәдени құндылықтарды қайтарудың этикалық, саяси және практикалық негіздерін ұсына бастады. Бұл тенденция тәуелсіздіктен кейінгі зерттеулердің дамуымен және мәдени мұраны тәуелсіздіктен кейінгі өзгерістерге сәйкестендіру қозғалысының күшеюімен тығыз байланысты. Ахилле Мбембе «музейлер мен архивтерде тарихи үстемдік пен иерархиялық танымнан арылту қажет» – деп пайымдайды. Себебі оларда шоғырланған мәдени және архивтік деректер бұрынғы империялық биліктің символдық құрылымдарын сақтап отыр (Mbembe, 2015). Мбембе музейлердің коллекцияларын физикалық тұрғыдан қайтарудан бөлек, білім құру мен таратудың жаңа тәсілдерін қалыптастыру қажеттілігін атап өтеді.

1897 жылы Бенин патшалығынан әкетілген қола және піл сүйегінен жасалған өнер туындылары – бүгінде Еуропаның ең ірі музейлерінде сақтаулы. Бұл репатриация саласындағы маңызды мысалдардың бірі. *Benin Dialogue Group* атты халықаралық консорциум Нигерия мен Еуропа музейлері арасында тұрақты әріптестік орнатып,

артефактілерді ұзақ мерзімге тарихи отанына жеткізу және бірлескен көрмелер ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіреді (Чебаненко, 2020, 331–332 б.). Артефактілердің заңды мәртебесі мен қайтару тетіктері халықаралық құқықтық құжаттармен (ЮНЕСКО 1970 ж., УНИДРУА 1995 ж. конвенциялары) шектелгенімен, соңғы жылдары бірқатар мемлекеттер мен музейлер бұл мәселені тек заң жүзінде емес, мәдени әділеттілікті қалпына келтіру тұрғысынан қарастыра бастады. Франция, Германия, Бельгия сияқты елдер өз коллекцияларындағы отарлық кезең артефактілерінің provenance-зерттеуін күшейтіп, кейбір заттарды қайтару немесе ұзақ мерзімге қарызға беру арқылы Нигериямен және Бенин монархиясымен ынтымақтастық орнатуда. *Benin Dialogue Group* консорциумы аясында Еуропа музейлері мен Нигерия арасында Бенин-Ситиде жаңа Корольдік музейде тұрақты экспозиция құру жобасы іске асырылды. Бұл тәсіл мәдени құндылықтарды тарихи Отанына қайта әкелуді, жергілікті қоғамдастықтың қолжетімділігін арттыруды және халықаралық мәдени әріптестікті нығайтуды мақсат етеді. Ал, Дэн Хикстің «The British Museums: The Benin Bronzes, Colonial Violence and Cultural Restitution» атты еңбегі империялық коллекциялар мен олардың шығу тегі арасындағы байланысты терең зерттей отырып, бұл коллекциялардың ағылшын әскерінің 1897 жылғы Бенин қаласын қиратуы кезінде тонау арқылы алынғанын нақты дәлелдейді. (Hicks, 2020) Автор Британ музейі атауындағы «British» сөзін әдейі «Brutish» деп өзгерту арқылы империялық музейлердің зорлықшыл сипатына назар аударады. (Сурет 1) Хикс репатриацияны тарихи әділеттілікті қалпына келтіру және ұлттық жадыны жаңғырту құралы ретінде түсіндіреді. Ол қайтарудан бас тартуды отарлық агрессияның жалғасы деп санайды.

Осы тұрғыда, Француз тарихшысы Бенедикт Савуа мен сенегалдық экономист Фелвин Сипр 2018 жылы Франция президенті Эммануэль Макронның тапсырысы бойынша дайындалған «The Restitution of African Cultural Heritage: Toward a New Relational Ethics» атты баяндамасы африкалық мәдени құндылықтарды қайтарудың жаңа этикалық қағидаттарын ұсынды (Sarr & Savoy, 2018). Бұл баяндама еуропалық музейлердегі африкалық мұраны қайтару процесінің теориялық негізін қалыптастыруда шешуші рөл атқарды. Авторлар африкалық мәдени мұраның 90%-дан астамы Африка құрлығынан тыс жерлерде сақталатынын атап өтіп, бұл жағдайды



қайта қарастыру қажеттілігін алға тартты. Бұл мысал мәдени мұраны қайтару мәселесін тек құқықтық міндеттемелермен қатар, сенім мен өзара түсіністікке негізделген ұзақ мерзімді серіктестік арқылы шешудің мүмкіндігін айқын көрсетеді. Ұзақ мерзімді уақытша беру, бірлескен экспозициялар мен зерттеу бағдарламалары халықаралық мәдени ынтымақтастықты нығайтады. Мұндай тәсіл Қазақстан үшін де өзекті. Себебі әлем елдерінде сақтаулы тұрған қазақ этнографиялық жәдігерлерін елге қайтару ісінде дау-дамайсыз, өзара тиімді шешімдер табуға мүмкіндік береді. Бұл пікірді басқа ғалымдар қолдаған. Осы тұста Лаура Пирс пен Алисон Браун атап өтсек болады. Олар өздерінің «Museums and Source Communities: A Routledge Reader» еңбегінде музейлер мен мәдени құндылықтардың шыққан қауымдастықтары арасындағы қарым-қатынастарды зерттейді (Peers & Brown, 2003). Мәдени құндылықтарды қайтару мәселесіне қатысты академиялық дискурста екі негізгі бағыт қалыптасты: «жаһандық» немесе «әмбебап» музейлер тұжырымдамасын қолдаушылар және бұрын тәуелділікте болған халықтардың өз мәдени мұрасына деген құқықтарын жақтаушылар. Аталған дискурсия музейлердің болашағына, мәдени құндылықтарға иелік ету мәселелеріне және тәуелсіздіктен кейінгі әлемдегі мәдени мұраны басқару тәсілдеріне қатысты маңызды сұрақтарды көтереді. Мысалы Джеймс Куноның көзқарасында, әмбебап музейлер әлемдік мәдени мұраны сақтауға және оны кең көрермендерге қолжетімді етуге тиімді түрде қызмет етеді. «Who Owns Antiquity? Museums and the Battle Over Our Ancient Heritage» еңбегінде «әмбебап» музейлердің әртүрлі мәдениеттердің құндылықтарын сақтау құқығын қорғайды. (Cuno, 2008) Ол мәдени мұраны – бүкіл адамзаттың ортақ игілігі, сондықтан ол мемлекеттік шекаралармен шектелмеуі керек деп түсіндіреді. Куно заманауи мемлекеттердің бұрынғы өркениеттердің мұрасына деген ұлттық талаптары жасанды және саяси мақсаттармен негізделген деп санайды.

Ал Моира Симпсон «Making Representations: Museums in the Post-Colonial Era» атты еңбегінде музейлік практикадағы билік мәселелерін және мәдени мұраға иелік ету құқығын сыни тұрғыдан қарастырады (Simpson, 2001). Моира Симпсонның көзқарасы бойынша, музейлердің экспозициялары мен коллекция жасау әдістері көбінесе отарлау дәуіріндегі көзқарастар мен билік қатынастарын көрсетеді. Сәйкесінше,

Симпсон тәуелсіздіктен кейінгі дәуірдегі музейлер өз коллекцияларын қайта қарастырып, бұрын дауысынан айырылған халықтарға өз мәдени мұрасын түсіндіру құқығын беру қажет деп санайды.

**1-сурет.** Британ музейіндегі Бенин қола мүсіндері. Бенин, Нигерия, XVI ғасыр



«Heritage: Critical Approaches» атты еңбегінің авторы Родни Харрисон мұра ұғымын және оның саяси қырларын терең талдайды (Harrison, 2013). Мұраны статистикалық нысандар жиынтығы емес, үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік-мәдени процесс ретінде қарастырады. Харрисон мәдени құндылықтарды қайтару мәселесін шешу үшін мұраның әртүрлі түсіндірмелері мен оған қатысты әртүрлі топтардың мүдделерін ескеру қажет екенін түсіндіреді. Қазіргі заманғы тенденция музейлердің мәдени құндылықтарды жасаған халықтармен ынтымақтасуын арттыруға бағытталған жаңа тәсілдер. Осы тұрғыда, Дженни Сандаль музейлерді «агора» тұжырымдамасы арқылы түсіндіреді. Яғни әртүрлі көзқарастар, тарихи түсіндірмелер мен мәдени түсініктер бәсекелесетін және диалог құратын кеңістік. (Sandahl, 2019). Ол музейді мәдени диа-



лог пен пікірталасатын алаң болуы керек деп түсіндіре отырып, себебі мұнда әртүрлі дауыстар мен көзқарастар тыңдалады деп тұжырымдайды.

Н. Әлімбаев Ресей музей қорларындағы қазақ бұйымдарын көшпелі мәдениеттің материалдық репрезентациясы ретінде қарастырып, олардың типологиялық және семантикалық әлеуеті әлі де толық ғылыми айналымға түспегенін атап өтеді (Әлімбаев, 2015). Мәдени мұраны қайтарудың тәжірибесіне тоқталар болсақ, кейінгі уақыттардағы ғылыми-теориялық пікірталастардан тыс, мәдени құндылықтарды қайтарудың нақты жағдайлары мен практикалық шаралары көбейе бастады. Бұл процестер империялық мұраны қайтару мәселесінің академиялық дискурстан практикалық іске асыру кезеңіне өтуін көрсетеді. Мысалы Сарр мен Савуаның баяндамасы Францияның африкалық елдерге мәдени құндылықтарды қайтару процесіне айтарлықтай әсер етті. 2018 жылы президент Макрон Бенин мен басқа да африкалық елдерге тарихи артефактілерді қайтару жөніндегі міндеттемелерін жариялады. Одан кейін, 2020 жылы Франция парламенті Бенинге 26 өнер туындысын және Сенегалға қылышты қайтару туралы заң қабылдады. (Sarr & Savoy, 2018) Бұл қадамдар еуропалық музейлердің тарихи мұраны қайтару саясатының өзгеруіне маңызды әсер етті. Дәл осы бағытта Германияда соңғы жылдары Намибиядағы геноцид кезеңінде алынған адам қалдықтарын қайтаруға бастама жасады және Нигерияға Бенин қола мүсіндерін қайтару туралы келісімге келді (Nicks, 2020). Бірақ Ұлыбританиядағы ірі музейлерде мәдени құндылықтарды қайтаруға қатысты күрделі жағдай орын алды. Британ музейі сияқты институттар заңнамалық шектеулерге байланысты өз коллекцияларынан заттарды қайтаруға шектеулі мүмкіндіктерге ие. Дегенмен Дэн Хикс атап өткендей, заң шектеулеріне қарамастан, британдық музейлер бұрынғы отар елдермен серіктестік қатынастар орнату және өз коллекцияларына қол жеткізуді жақсарту арқылы азат ету процесіне қатыса алады. (Nicks, 2020) Ғалымдар аралық қарыз беру, виртуалды репатриация және бірлескен кураторлық жобалар сияқты альтернативті тәсілдерді де зерттеуде. Бұл тәсілдер иелік құқығы мәселелерін шешпестен, мәдени мұраға қол жеткізуді кеңейтуге және мәдени диалогты дамытуға мүмкіндік береді.

Тарихнамада маңызды бағыт «психологиялық репатриация» немесе Пирс пен Браун сипаттаған «рухани репатриация» тұжырымдамасы. Бұл мәдени құндылықтарды физикалық

тұрғыдан қайтармай, оларға байланысты білім мен мәдени құндылықтарды қайта қалпына келтіруді білдіреді. Мәдени құндылықтарды қайтару мәселесімен қатар, ғалымдар музейлерде қалатын басқыншылық дәуірінің коллекцияларды сақтау мен түсіндірудің жаңа тәсілдерін де зерттеуде. Бұл тәсілдер музей практикасын азат етуге және экспозицияларда көптеген дауыстар мен көзқарастарды көрсетуге бағытталған. Моира Симпсон музейлік репрезентациялардың постимпериялық дәуірдегі трансформациясын зерттей отырып, бірқатар музейлердің бұрынғы отаршылдыққа ұшыраған халықтардың өкілдерімен бірлесе экспозициялар құру тәжірибесін енгізе бастағанын атап өтті. Мұндай тәсіл музей кеңістігінде әртүрлі дауыстардың көрініс табуына және мәдени контексті толығырақ түсінуге мүмкіндік береді. Дженни Сандаль «*азат етілген музей*» тұжырымдамасын ұсынады. Мұнда отарлау тарихы мен мәдени мұраны түсіндіру жаңа тәсілдермен жүзеге асырылады. Оның пікірінше, музейлер өзінің империялық өткенімен белсенді түрде айналысып, осы тарихты қазіргі экспозициялар мен коллекцияларды түсіндіруде ескеруі қажет (Sandahl, 2019). Бұл процесс экспонаттардың атауларын өзгертуден бастап, коллекцияларды қалыптастыру мен сақтаудың жаңа тәсілдерін өзірлеуге дейінгі әртүрлі аспектілерді қамтиды.

Соңғы жылдардағы маңызды бағыт – музейлер өз коллекцияларының шығу тегі мен олардың жинақталу тарихын зерттеуге басымдық бере бастады. Бірқатар музейлер артефактілердің шығу тегін зерттеу бойынша арнайы жобалар жүргізіп, олардың империялық контексті мен жинақталу тарихын ашу үшін жұмыс істеуде. Бұл зерттеулер – музей коллекцияларын түсіндіруде барынша ашықтық пен шындыққа ұмтылудың маңызды қадамы. Мәдени мұраны қайтару мәселесінде жергілікті қауымдастықтардың рөлі де айрықша маңызға ие. Бүгінгі таңда көптеген зерттеушілер мәдени мұраны қайтару процесіне жергілікті қауымдастықтарды. Әсіресе түпкілікті халықтарды тарту қажеттілігін атап өтуде. Бұл дәстүрлі білім жүйелерін интеграциялауға негіз болады. Мысалы Австралия мен Жаңа Зеландия сияқты елдерде аборигендер мен маори халықтарының мәдени мұрасын қайтару процесінде осы халықтардың өкілдері белсенді рөл атқарады.

Қазіргі таңда мәдени мұраны қайтару процесі жан-жақты **зерттеу** тәсілдерін көбірек қолданылуда. Бұл тәсілдер еуроцентристік көзқарастардан алшақтап, әртүрлі мәдени перс-

пективаларды ескеруге бағытталған. **Зерттеу** тәсілдері мәдени мұраны қайтару мәселесін этикалық, рухани және символдық тұрғыдан да қарастыруға мүмкіндік береді. Мәдени мұраны қайтару мәселесінің тағы бір маңызды аспектісі – ұлттық бірегейлік пен тарихи жадыны қалыптастырудағы мәдени мұраның рөлі. Аталған контексте мәдени мұраны қайтару мәселесі әлеуметтік психология және ұжымдық зерттеулермен тығыз байланысты.

Тарихнамада маңызды бағыт «байланыс аймақтары» тұжырымдамасы. Оны музей теориясына Джеймс Клиффорд енгізген. Бұл тұжырымдама музейлерді әртүрлі мәдениеттер, билік құрылымдары мен тарихи түсіндірмелер кездесетін кеңістік ретінде қарастырады (Harrison, 2013). Мұндай тәсіл музейлерге **тарихи** мұраны түсіндіруде, көзқарастарды біріктіруге және мәдени диалогты ынталандыруға мүмкіндік береді. Практикалық деңгейде музейлер мәдени ерекше заттарды сақтаудың арнайы хаттамаларын әзірлеу, жергілікті қауымдастықтармен кеңесу құрылымдарын құру және көп дауысты кураторлық тәсілдерді енгізу арқылы өз практикаларын өзгертуде. Қазіргі уақытта музей практикасында маңызды ауысым болды: біржақты кураторлық орнына көпдауысты бірлескен кураторлық келді; монологтық баяндау диалогпен алмастырылды; витринаға бағытталған тәсіл қауымдастыққа бағытталған жұмыспен толықты. Нәтижесінде репатриация білім мен жадыны теңгерімді түрде қайта құрастыру үдерісі ретінде қарастырылады. Provenance-зерттеу – құқықтық дәлелмен қатар, этикалық айқындық пен сенімді нығайтатын құрал. Ұзақ мерзімге **уақытша сақтау/пайдалануға беру**, ортақ кураторлық және цифрлық репатриация – үдерісті **шиеленіссіз**, келісімге негізделген форматта іске асыратын жұмыс тәсілдері. Авторлар бірқатар қазақ киімдерінің музейлік сипаттамада жалпыланған «Орталық азиялық» категорияға енгізілгенін көрсетіп, бұл жағдай этномәдени нақтылықтың көмескіленуіне әкелетінін атап өтеді (Kunanbayeva et al., 2016).

### Қорытынды

Тарихи-мәдени мұраны қайтару мәселесі тек өткен ғасырдың ізі емес, бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Ғылыми дискурстың эволюциясы көрсеткенде мәселе – терең тарихи әділеттілік, мәдени егемендік және жаңа қатынастарды қайта қарастыру мәселелерімен тығыз байланысты.

Тарихнамалық талдау ғылыми көзқарастардың өзгеруінің маңызды бағытын көрсетеді. Ірі музейлердің «әмбебап музей» идеясынан бастап, мәдени мұраны шыққан елдеріне қайтаруға дейінгі ұзақ жолды қамтиды. Бүгінгі таңда ғалымдардың басым көпшілігі тәуелділік дәуірінде алынған мәдени артефактілерді бастапқы иелеріне қайтару жағындағы пікірге көбірек бейімделуде.

Жаһандық мәдени диалог пен ынтымақтастықтың қазіргі дәуірінде мұндай мәдени құндылықтардың қайтарылуы – халықаралық қатынастардағы жаңа парадигманың белгісі. Мұндай парадигма әртүрлі мәдениеттер арасындағы өзара құрмет пен теңдікке негізделген жаңа әлемнің идеалдарына сәйкес келеді. Алайда мәдени мұраны қайтару процесінің өзі техникалық, құқықтық және саяси күрделі мәселелерді шешуді талап етеді. Кейбір институттар бұл бағытта елеулі қадамдар жасаса да, үлкен музейлер әлі де өз коллекцияларын сақтауға тырысуда. Ғылыми дискурс пен практикалық іс-әрекеттер арасында алшақтық байқалады. Бүгінде тарихи-мәдени мұра мәселесі бойынша теориялық тұжырымдамалар айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Бұрын басым болған еуроцентристік көзқарастан бүгінде көпжақты, мультимәдениетті болашаққа көшу байқалады. Бұл трансформация өзімен бірге жаңа методологиялық тәсілдер мен талдау құралдарын ала келді. Жаңа зерттеулер, мәдени антропология және жаңа музеология сияқты пәнаралық бағыттар мәдени мұраны қайтару мәселесін терең түсінуге мүмкіндік беріп отыр.

Атап өтетін жайт мұраны қайтару жөніндегі дискурс тек академиялық ортада ғана емес, халықаралық құқық және дипломатия саласында да маңызды орын алуда. ЮНЕСКО-ның 1970 жылғы «Мәдени құндылықтарды заңсыз әкелуге, әкетуге және меншік құқығын беруге тыйым салу мен алдын алу шаралары туралы конвенциясы» мен 1995 жылғы UNIDROIT конвенциясы сияқты халықаралық құқықтық құжаттар осы мәселені реттеуге бағытталған. Алайда бұл конвенциялардың ретроактивті күші жоқ болғандықтан, тәуелділік кезеңінде алынған құндылықтарға қолданылмайды. Мәдени мұраны қайтару мәселесінің тағы бір маңызды аспектісі – құндылықтардың шығу тегі мен сәйкестігін анықтау. Көп жағдайда тәуелділік дәуірінде алынған артефактілер бірнеше мәдени контекстермен байланысты болуы мүмкін. Бұл олардың «шынайы тарихи иелерін» анықтауды қиындатады. Мұндай күрделі жағдайларда ғалымдар мен

мәдениеттанушылар мәдени мұраның тарихын жан-жақты зерттеп, оның шығу тегін анықтауға тырысады.

Мұраны қайтару мәселесінің тағы бір маңызды аспектісі – музейлік практика мен институционалдық өзгерістер. Музейлердің біршамасы өз коллекцияларының шығу тегін қайта қарастырып, олардың күрделі тарихын ашық мойындауға бет бұрды. Осындай институционалдық өзгерістер мәдени мұраны қайтару процесінің алғышарттарын құрайды. Мысалы Франция, Германия және Нидерланды сияқты елдер тәуелділік дәуірінде алынған кейбір артефактілерді Африка елдеріне қайтаруға дайын екендіктерін білдірді. Сонымен қатар цифрлық технологиялардың дамуы мәдени мұраны қайтару мәселесіне жаңа бағыттар ашты. Үш өлшемді сканерлеу және виртуалды музейлер сияқты технологиялар физикалық артефактілерді қайтармай-ақ, олардың цифрлық көшірмелерін жасауға және таратуға мүмкіндік береді. Бұл «цифрлық репатриация» түрі – физикалық қайтаруға альтернатива бола алмаса да, мәдени мұраға қол жетімділікті арттырудың маңызды құралы. Жаһандық мәдени диалог пен ынтымақтастықтың қазіргі дәуірінде мұндай мәдени құндылықтардың қайтарылуы – тарихи әділеттіліктің актісімен қатар, халықаралық қатынастардағы жаңа парадигманың белгісі. Мұндай парадигма әртүрлі мәдениеттер ара-

сындағы өзара құрмет пен теңдікке негізделген жаңа әлемнің идеалдарына сәйкес келеді. Бұл коллекциялардың негізгі бөлігі Қазақстаннан тыс жерде сақталуына байланысты, отандық зерттеушілер үшін тікелей қолжетімділік шектеулі болып отыр (Әлімбаев, 2015).

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, репатриацияның тиімділігі музей ішіндегі институционалдық жаңғыртуларға, артефактінің шығу тегі бойынша ашық практикаға (provenance) және серіктестікке негізделген басқару үлгілеріне сүйенеді. Империялық музейлердің келешегі жан-жақтылықты жоққа шығару емес, оны этикалық өзара тану мен көпдауыстылық принциптерімен ұштастыруда. Мақаланың қосқан үлесі – репатриацияны халықаралық гуманитарлық ынтымақтастықтың іске асатын тетіктерімен байланыстырып, «жаңа көзқарасты» қолданбалы деңгейде негіздеуде. Жүргізілген талдау кеңестік және отандық ғалымдардың теориялық-методологиялық еңбектеріне сүйене отырып, мәдени мұраны қайтару дискурсының қазіргі кезеңдегі ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді. Осы тұрғыда шетел музейлерінде сақтаулы қазақ этнографиялық мұрасын зерттеу, бірлескен атрибуция, цифрлық қолжетімділік және ұзақ мерзімді серіктестік форматтары Қазақстан музей ісінің халықаралық кеңістікке интеграциялануының маңызды бағыты ретінде айқындалады.

## References

- Alimbay, N. (2015). Resei etnografialyq muzei qorındaǵy (Sankt-Peterburg q.) qazaqtyñ tarihi etnografiasyna bailyasty qundylyqtar haqynda // Vestnik KazNU. Serii istoricheskaja. – 2015. – №3 (78). – 252–258 bb.
- Bennett, T. (1995). *The birth of the museum: History, theory, politics*. Routledge.
- Chebanenko, S. B. (2020). Problema vozvrashcheniya i restitutsii predmetov afrikanskogo iskusstva, vyvezennykh iz Benina v rezul'tate britanskoy voennoy ekspeditsii 1897 g.: praktika i pravovye aspekty. *Voprosy muzeologii*, 11(2), 319–335. <https://doi.org/10.21638/11701/spbu27.2020.214>
- Cuno, J. (2008). *Who owns antiquity? Museums and the battle over our ancient heritage*. Princeton University Press.
- Gritskevich, V. P. (2004). *Istoriya muzeynogo dela do kontsa XVIII veka*. SPbGUKI.
- Gritskevich, V. P. (2007). *Istoriya muzeynogo dela kontsa XVIII – nachala XX vv*. SPbGUKI.
- Harrison, R. (2013). *Heritage: Critical approaches*. Routledge.
- Hicks, D. (2020). *The brutish museums: The Benin bronzes, colonial violence and cultural restitution*. Pluto Press.
- Kunanbayeva, S. B., Ibrayeva, A. G., Abzhanov, H. M., Sadykov, T. S., & Seitkazina, K. O. (2016). Attribution of the Kazakh traditional dress in the collections of the Russian Ethnographic Museum. *International Journal of Environmental and Science Education*, 11(18), 12021–12032.
- Mbembe, A. (2015). *Decolonizing knowledge and the question of the archive*. WISER, University of the Witwatersrand.
- Mensh, P. van. (2018). *K metodologii muzeologii*. ITD “Perspektiva”.
- Peers, L., & Brown, A. K. (Eds.). (2003). *Museums and source communities: A Routledge reader*. Routledge.
- Sandahl, J. (2019). Decolonizing museums: Between the museum and the agora. *Museum International*, 71(1–2), 12–19. <https://doi.org/10.1080/13500775.2019.1638010>
- Sarr, F., & Savoy, B. (2018). *The restitution of African cultural heritage: Toward a new relational ethics*. Ministère de la Culture.
- Simpson, M. (2001). *Making representations: Museums in the post-colonial era*. Routledge.



Suraganova, Z. (2017). An analysis of the experience of the cultural heritage concept formation in the Republic of Kazakhstan (historiographical review). *Public Administration and Civil Service*, 1(60), 241–246.

UNESCO. (1970). *Convention on the means of prohibiting and preventing the illicit import, export and transfer of ownership of cultural property*. <https://en.unesco.org/about-us/legal-affairs/1970-convention>

UNIDROIT. (1995). *Convention on stolen or illegally exported cultural objects*. <https://www.unidroit.org/instruments/cultural-property/1995-convention/>

Wiener, M. (2013). The idea of “colonial legacy” and the historiography of empire. *Journal of Historical Sociology*, 13(1), 1–32. <https://doi.org/10.1111/johs.12010>

### Литература

Әлімбаев, Н. (2015). Ресей этнографиялық мәдени қорындағы (Санкт-Петербург қ.) қазақтың тарихи этнографиясына байланысты құндылықтар хақында // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2015. – №3 (78). – 252–258 бб.

Беннетт, Т. (1995). *The birth of the museum: History, theory, politics*. Routledge.

Чабаненко, С. Б. (2020). Проблема возвращения и реституции предметов африканского искусства, вывезенных из Бенина в результате британской военной экспедиции 1897 г.: практика и правовые аспекты. *Вопросы музеологии*, 11(2), 319–335. <https://doi.org/10.21638/11701/spbu27.2020.214>

Куно, Дж. (2008). *Who owns antiquity? Museums and the battle over our ancient heritage*. Princeton University Press.

Харрисон, Р. (2013). *Heritage: Critical approaches*. Routledge.

Хикс, Д. (2020). *The brutish museums: The Benin bronzes, colonial violence and cultural restitution*. Pluto Press.

Мбембе, А. (2015). *Decolonizing knowledge and the question of the archive*. Public lecture, WISER, University of the Witwatersrand, Johannesburg.

Пирс, Л., & Браун, А. К. (ред.). (2003). *Museums and source communities: A Routledge reader*. Routledge.

Сандаль, Й. (2019). Decolonizing museums: Between the museum and the agora. *Museum International*, 71(1–2), 12–19. <https://doi.org/10.1080/13500775.2019.1638010>

Сарр, Ф., & Савой, Б. (2018). *The restitution of African cultural heritage: Toward a new relational ethics*. Ministère de la Culture.

Симпсон, М. (2001). *Making representations: Museums in the post-colonial era*. Routledge.

ЮНЕСКО. (1970). *Convention on the means of prohibiting and preventing the illicit import, export and transfer of ownership of cultural property*. <https://en.unesco.org/about-us/legal-affairs/1970-convention>

УНИДРУА. (1995). *Convention on stolen or illegally exported cultural objects*. <https://www.unidroit.org/instruments/cultural-property/1995-convention/>

Винер, М. (2013). The idea of “colonial legacy” and the historiography of empire. *Journal of Historical Sociology*, 13(1), 1–32. <https://doi.org/10.1111/johs.12010>

Грицкевич, В. П. (2004). *История музейного дела до конца XVIII века*. СПб.: СПбГУКИ.

Грицкевич, В. П. (2007). *История музейного дела конца XVIII – начала XX вв.* СПб.: СПбГУКИ.

Менш, П. ван. (2018). *К методологии музеологии*. М.: ИТД «Перспектива».

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

Асылбекова Назгүл Онталапқызы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты, ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің ғылыми қызметкері.

Баудиярова Құралай Батырбекқызы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің т.ғ.к., аға оқытушысы.

#### **Information about the authors:**

Nazgul Ontalapovna Asylbekova – PhD doctoral student at Al-Farabi Kazakh National University, research fellow at the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan.

Kuralai Baturbekkyzy Baudiarova – Candidate of Historical Sciences (PhD equivalent), Senior Lecturer at Al-Farabi Kazakh National University.

#### **Информация об авторе:**

Асылбекова Назгүль Онталаповна – PhD докторант КазНУ имени аль-Фараби, научный сотрудник Центрального государственного музея РК.

Баудиярова Құралай Батырбекқызы – к.и.н., старший преподаватель КазНУ имени аль-Фараби.

Келін түсті: 17.10.2025

Қабылданды: 19.02.2026